

Б. С. Халыкова, А. Д. Рыжкова

ГЕОГРАФИЯ

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған
арнайы мектептердің (сыныптардың) 8-сыныбына
арналған

ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігінің тапсырысы бойынша

Алматы
2023

ӘОЖ 376
КБЖ 74.3
X17

«География» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешенге арналған әдістемелік құрал зерде бұзылыстары бар білім алушыларды оқытудың педагогикалық үдерісін ұйымдастыруда мұғалімге көмек көрсету мақсатында құрастырылған.

Әдістемелік құралды арнайы білім беру мектебінде, сондай-ақ инклюзивті білім беру жағдайындағы жалпы білім беретін мектепте де зерде бұзылыстары бар оқушыларды оқытуды ұйымдастыруда қолдануға болады.

Халыкова Б.С. т.б.

X17 География. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 8-сыныбына арналған әдістемелік құрал / Б. С. Халыкова, А. Д. Рыжкова. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2023. – 76 б.

ISBN 978-601-347-529-5

ӘОЖ 376
КБЖ 74.3

ISBN 978-601-347-529-5

© «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2023

КІРІСПЕ

8-сыныпқа арналған «География» оқу-әдістемелік кешені (оқулық, кескін карталары бар атлас, мұғалімге арналған әдістемелік құрал) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылар үшін жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу жоспары мен Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әзірленген және құрастырылған.

ОӘК мазмұны жалпы және арнайы педагогика қағидаттарына сәйкес оқу үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдерін:

- оқытудың түзету-дамыту және әлеуметтік-бейімдеу бағытын;

- әр білім алушы үшін әрекеттік, сараланған және жеке тәсілдерді іске асыруға бағытталған.

«География» оқу пәнінің мақсаты білім алушыларда күнделікті іс-әрекетте қолдана алатын қолжетімді географиялық ұғымдар мен дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Оқу-әдістемелік кешен шешуге көмектесетін «География» оқу пәнінің негізгі міндеттері:

1) білім алушыларда табиғи нысандар мен қоршаған әлемнің аумақтық айырмашылықтары туралы қарапайым мәліметтерді қалыптастыру;

2) жеке табиғи құбылыстардың; адам мен табиғат арасындағы байланысты түсіндіру;

3) табиғатқа қатысты диалектикалық, ғылыми көзқарастар қалыптастыру;

4) табиғат пен табиғи құбылыстарды жүйелі бақылау арқылы оқушылардың жеке тәжірибесін байыту;

5) білім алушылардың табиғатты қорғау санасын тәрбиелеу;

6) білім алушылардың көрнекілік-бейнелік және сөздік-логикалық ойлау элементтерін дамытуға ықпал ету, сөздік қорын молайту, байланыстыра сөйлеу тілін дамыту.

География патриоттық, халықаралық, эстетикалық және экологиялық тәрбие үшін үлкен материал береді. Сондай-ақ, географиялық материал зерде дамуы бұзылған білім алушылардың танымдық іс-әрекетін дамыту және түзету үшін айтарлықтай мүмкіндіктерге ие.

Оқулық мазмұнына бөлімшелер білім алушылардың 6-7-сыныптардағы «География» пәні аясында алған білімдерін ескере отырып енгізілді. География курсы оқу барысында «Жаратылыстану» (топырақ, пайдалы қазбалар, су ресурстары, адамның шаруашылық қызметі), «Тарих» (өлкеміздің тарихы, географиялық номенклатура) пәндерімен, сондай-ақ «Ана тілі, оқу», «Математика» пәндерімен пәнаралық байланыстар орнатылады.

Бұл оқу құралы географияны оқыту мақсаттарына жауап береді, оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Оқу құралында ұсынылған материалдар мұғалімге сабақта оқушылардың әртүрлі оқу және танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыруға, оқыту әдістері мен құралдарын таңдауға мүмкіндік береді.

8-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН «ГЕОГРАФИЯ» ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Материктер мен мұхиттар географиясы» бөлімінің мазмұны қамтитын оқу тақырыптары:

- Кіріспе. Материктер мен мұхиттар географиясы нені зерделейді?

- Мұхиттар.

- Материктер.

- Еуропа мемлекеттері.

- Азия мемлекеттері.

- Қазақстан және таяу шет елдер.

Оқулықтың негізгі бірлігі – бір сабаққа сәйкес келетін параграф. Әр параграфтың алдында зерделенетін ең басты

нысан (Сен ... білетін боласың) және білімді өзектендіруге арналған сұрақтар ерекшеленеді.

Оқулық мәтіндерінде негізгі теориялық мәліметтер: географиялық нысандарды сипаттау, ұғымдарды анықтау, нысандар мен табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстар, негізгі білімді ашуға көмектесетін ақпараттар қарастырылады.

Кіріспеде оқушыларды оқулықпен жұмыс істеуге ынталандыратын параграфтар бар. «Кіріспе» тақырыбында «Материктер мен мұхиттардың географиясы нені зерттейді?», «Материктер мен мұхиттар жартышарлардың физикалық картасында» бөлімдері бар. Онда 8-сыныпта не және қандай дәйектілікпен оқылатыны туралы айтылады.

«Мұхиттар» бөлімшесінде Атлант мұхиты, Солтүстік мұзды мұхит, Тынық мұхит, Үнді мұхиттар белгілі бір дәйектілікпен зерделенеді: мұхиттың географиялық жағдайы, климаты мен суының қасиеттері, мұхиттың органикалық әлемі, мұхит ресурстары және оларды пайдалану туралы жазылған.

«Материктер» – оқулықтың ең үлкен бөлімшесі. Тақырыпты зерттеу Оңтүстік жартышардағы материктерді (Африка, Аустралия, Антарктида, Оңтүстік Америка) қарастырудан басталады және Солтүстік жартышардағы материктермен (Солтүстік Америка және Еуразия) аяқталады. Зерделеудің бұл дәйектілігі бойынша оңтүстік жартышардың материктерінде ендік аймақ, климат пен табиғи аймақтардың географиялық ендікке тәуелділігі жақсы байқалады. Бұл тәсіл білім алушыларға материктің тұтас бейнесін жасауға мүмкіндік береді.

Барлық материк: материктің географиялық жағдайы (жер бедері, материктің табиғаты); материктің өсімдіктер мен жануарлар әлемі; әлемдегі материктер (материк туралы не белгілі, материкте кім тұрады, халқы немен айналы-

сады); материкте орналасқан мемлекеттерді зерделеудің құрылымы бірдей болады.

«Еуропа мемлекеттері», «Азия мемлекеттері» бөлімшелерін оқу барысында оқушылар кейбір елдермен: Ұлыбритания, Жапония және Қытаймен толығырақ танысады. Мемлекеттерді зерделеу үшін таңдау елдің мәдени және тарихи маңыздылығына, оның адамзат өркениетінің дамуындағы рөліне байланысты.

8-сыныпта «Қазақстан және таяу шет елдер» кіші бөлімшесінде Қазақстанды зерделеу жалғасады. Бірқатар тақырыптар 6-сыныптан 8-сыныпқа дейін күрделене түседі және кеңейтіліп беріледі, бұл зерде даму бұзылыстары бар білім алушылардың географиялық білімді неғұрлым толық игеруіне ықпал етеді.

Оқулықтағы оқу ақпараты білім алушылардың оларды орындау әдісін таңдау мүмкіндігін ескере отырып әртүрлі формада – түсіндірме мәтін, иллюстрациялар, сызбалар, анықтамалық материалдар, географиялық сөздік, әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар жүйесі түрінде ұсынылған. Құрылыстар мен елдерді зерделеген кезде мұғалім қосымша әдістерді – коллаж, сызбалар, суреттер, презентациялар жасау, жергілікті тұрғынның немесе туристің атынан қысқаша әңгіме жазу тәсілін қолдана алады. Мұндай оқыту әдістері оқушылардың оқу материалдарын эмоционалды қабылдауы мен танымдық белсенділігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Оқу құралының суреттері мотивациялық, тәрбиелік, дамытушылық және эстетикалық функцияларды орындайды. Олар мәтінді көрнекі және бейнелі етеді, мәтінмен бірдей рөл атқарады. Оқулыққа қосымшада кескін карталары бар атластар бар.

Тақырыптар бойынша білімді бекіту, тексеру үшін оқулықта «Еске түсір» және «Бөлім бойынша қайталауға арналған тапсырмалар парағы» берілген. Сабақтың тақырыбы бойынша көп деңгейлі сұрақтар мен тапсырмалар, атласпен және картамен практикалық жұмыс шартты белгілермен ерекшеленген. Мәтінде жаңа сөздер мен географиялық номенклатура басқа қаріппен көрсетілген.

Оқулықтың құрылымы географиялық білімді игеруге ыңғайлы. Ол мұғалімдер мен оқушылардың дербес және бірлескен іс-әрекеттері үшін жағдай, сондай-ақ ата-аналар тарапынан бақылау мүмкіндігін тудырады.

Мұғалімге арналған әдістемелік құралға:

- Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған күнтізбелік-тақырыптық (ортамерзімді) жоспар үлгісі (оған жалпылау сабақтары кірмейді, мұғалімнің өзі тақырыпты зерделегеннен кейін білім алушылардың қызметін – экскурсиялар, ойын-сауық сабақтары және т.б. қалай ұйымдастыруды өзі жоспарлайды);

- 8-сыныпта «География» пәні бойынша оқыту үдерісінің жобасы (мақсат қою, үлгілік бақылау сұрақтары мен тапсырмалары, үш деңгей бойынша оқу жетістіктерінің карталары);

- Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқамерзімді жоспар үлгісі кіреді.

Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар

№	Бөлімше/ауыспалы тақырып	Сабақтардың тақырыбы	Оқудың мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
I тоқсан						
1	Кіріспе.	Материктер мен мұхиттар географиясы нені зерделейді?	8.3.1.1. География материктер мен мұхиттарды зерттейтіні туралы жалпы түсінігінің болуы.	1		
2		Жартышарлар физикалық картасындағы материктер мен мұхиттар	8.3.1.1. Глобуста және жартышар физикалық картасында материктер мен мұхиттарды көрсету.	1		
3	Мұхиттар	Атлант мұхиты. Шаруашылық маңызы. Кеме қатынасы	8.3.1.2. Кескін картада Атлант мұхитын белгілеу және таңбалау; оның шаруашылық маңызын түсіндіру, кеме қатынасы туралы айту.	1		
4		Солтүстік мұзды мұхит. Шаруашылық маңызы. Кеме қатынасы	8.3.1.3. Глобуста және жартышар физикалық картасында Солтүстік мұзды мұхитты көрсету және атау; Солтүстік мұзды мұхитты кескін картада белгілеу және таңбалау; оның шаруашылық маңызын түсіндіру, кеме қатынасы туралы айту.	1		

5	Тынық мұхит. Шаруашылық маңызы. Кеме қатынасы	8.3.1.4. Глобушта және жартышар физикалық картасында Тынық мұхитын белгілеу және атау; Тынық мұхитты кескін картада белгілеу және таңбалау, оның шаруашылық маңызын түсіндіру, кеме қатынасы туралы айту.	1	
6	Үнді мұхиты. Шаруашылық маңызы. Кеме қатынасы	8.3.1.5. Глобушта және жартышар физикалық картасында Үнді мұхитын белгілеу және атау; Үнді мұхитын кескін картада белгілеу және таңбалау, оның шаруашылық маңызын түсіндіру, кеме қатынасы туралы айту.	1	
7	Материктер	8.3.2.1. Жартышар физикалық картасында Африканың географиялық жағдайын және жағалау көрінісін көрсету; 8.3.2.2. Мадагаскарды, Сомали түбегін физикалық картадан көрсету, атау, кескін картада белгілеу; 8.3.2.3. Жерорта теңізін, Қызыл теңізді физикалық картадан көрсету, атау, кескін картада белгілеу.	1	
8	Африканың жер бедерінің, климатының, өзендері мен көлдерінің әртүрлілігі	8.3.2.4. Африка бедерін және климатының әр түрлілігін сипаттау; кескін картада Атлас тауларын, Эфиоп таулы қыратын белгілеу; 8.3.2.5. Өзендерді (Нил, Нигер, Конго), Африка көлдерін (Виктория, Чад), Суэц каналын физикалық картада көрсету, атау, кескін картада белгілеу.	1	

9	Тропиктік орман өсімдіктері мен жануарлары	8.3.2.6. Африканың тропикалық ормандарының өсімдік және жануарлар әлемінің ерекшеліктерін сипаттау.	1	
10	Африка саванналары мен шөлдерінің өсімдіктері мен жануарлар әлемі	8.3.2.7. Африкалық саванналардың өсімдік және жануарлар әлемінің ерекшеліктерін сипаттау. 8.3.2.8. Африкалық шөлдердің өсімдік және жануарлар әлемінің ерекшеліктерін сипаттау; Сахара шөлін физикалық картадан көрсету.	1	
11-12	Африка мемлекеттері	8.3.2.9. Африка мемлекеттерін, оның астанасын атау (Мысыр, Эфиопия, Танзания, Оңтүстік Африка Республикасы, Судан – мұғалімнің таңдауы бойынша), зерделенген мемлекеттерді әлемнің саяси картасында көрсету.	2	
13	Африка халқы	8.3.2.10. Африка халқына сипаттама беру, Африка ұлттарының өмірі мен тұрмысын сипаттау.	1	
14	Аустралия. Географиялық жағдайы. Аралдар мен түбектер	8.3.2.11. Аустралияның географиялық жағдайын және жағалау көрінісін жартышар физикалық картасында көрсету.	1	
15	Аустралияның жер бедері, климаты, өзендері мен көлдері	8.3.2.13. Аустралия бедерін және климатының өртүрлілігін сипаттау. 8.3.2.15. Аустралия өзендері (Муррей) мен көлдерді физикалық картадан көрсету, атау, кескін картада белгілеу.	1	

16	Аустралияның өсімдіктер мен жануарлар әлемі	8.3.2.16. Аустралияның өсімдік және жануарлар әлемінің ерекшеліктерін сипаттау.	1	
17	Аустралия халқы	8.3.2.17. Халыққа (тұрғылықты және сырттан келген) сипаттама беру, Аустралия астанасын (Канберра) атау.	1	
18	Океания	8.3.2.12. Жаңа Гвинея аралын физикалық картадан көрсету, атау, кескін картада белгілеу. 8.3.2.14. Н. Н. Миклухо-Маклайдың Аустралияға саяхаты туралы әңгімелеу.	1	
19	Қайталау		1	
II тоқсан				
20	Антарктида. Географиялық жағдайы. Антарктиданы Ресейлік теңізшілердің ашуы	8.3.2.18. Жартышар физикалық картасында Антарктиданың географиялық жағдайын және жағалау көрінісін көрсету; Оңтүстік полюсті физикалық картадан көрсету.	1	
21	Антарктидадағы ғылыми экспедициялар. Табиғатты қорғау	8.3.2.19. Антарктиданың орыс теңіз саяхатшыларымен ашылуы туралы айту; Антарктиданың заманауи зерттеулері туралы айту.	1	
22	Антарктида табиғатының ерекшеліктері	8.3.2.20. Антарктиданың жер бедері мен климатын сипаттау. 8.3.2.21. Антарктиданың өсімдік және жануарлар әлемінің ерекшеліктерін сипаттау; табиғатты қорғау қажеттілігін түсіндіру.	1	

23	Оңтүстік Америка. Географиялық жағдайы, жағалау көрінісі	8.3.2.27. Жартышар физикалық картасында Оңтүстік Американың географиялық жағдайын және жағалау көрінісін көрсету. 8.3.2.29. Отты Жер аралы, Панама каналы, Магеллан бұғазын физикалық картадан көрсету, атау, кескін картада белгілеу.	1		
24	Оңтүстік Американың жер бедері, климаты	8.3.2.28. Оңтүстік Американың табиғи жағдайларын, жер бедерін, климатын сипаттау. 8.3.2.29. Отты Жер аралы, Панама каналы, Магеллан бұғазын физикалық картадан көрсету, атау, кескін картада белгілеу.	1		
25	Оңтүстік Америка өзендері мен көлдері	8.3.2.29. Амазонка өзенін физикалық картадан көрсету, атау, кескін картада белгілеу.	1		
26	Оңтүстік Америка табиғатының ерекшеліктері	8.3.2.28. Оңтүстік Американың табиғи жағдайын сипаттау.	1		
27-28	Оңтүстік Америка мемлекеттері. Астаналары, халқы	8.3.2.30. Оңтүстік Америка халқына сипаттама беру; Оңтүстік Американың мемлекеттерін және астанасын атау (Бразилия, Аргентина, Перу, Чили – мұғалім таңдауы бойынша); зерделенген мемлекеттерді саяси картада көрсету.	2		

29	Солтүстік Америка. Географиялық жағдайы	8.3.2.22. Жартышар физикалық картасында Солтүстік Американың географиялық жағдайын және жағалау көрінісін көрсету; Американың Колумбпен ашылуы туралы айту.	1	
30	Солтүстік Американың жер бедері, климаты	8.3.2.23. Солтүстік Американың табиғи жағдайларын, бедерін және климатын сипаттау;	1	
31	Солтүстік Американың өзендері мен көлдері	8.3.2.24. Аралдар мен түбектерді (Гренландия, Куба, Аляска, Флорида, Калифорния), өзендер мен сарқырамаларды (Миссисипи, Миссури, Ниагара), көлдерді (Ұлы көлдер), теңіздерді (Кариб), тауларды (Кордильера) физикалық картадан көрсету, атау, кескін картада белгілеу.	1	
32	Солтүстік Америка табиғатының ерекшеліктері. Табиғатты қорғау	8.3.2.25. Солтүстік Американың өсімдік және жануарлар әлемінің ерекшеліктерін сипаттау.	1	
33-34	Солтүстік Америка мемлекеттері. Мемлекеттердің астаналары. Халқы	8.3.2.26. Солтүстік Американың халқына сипаттама беру; Солтүстік Американың мемлекеттері мен астанасын атау (Америка Құрама Штаттары, Канада, Мексика, Куба – мұғалім таңдауы бойынша); зерделенген мемлекеттерді саяси картада көрсету.	2	
35	Қайталау		1	

III тоқсан

36	Еуразия. Географиялық жағдайы	Еуразия. Географиялық жағдайы	8.3.2.31. Жер шарының ең ірі материгі – Еуразияның географиялық жағдайын және жағалау көрінісін физикалық картадан көрсету; дүние бөліктерін атау; Еуропа және Азия, кескін картада олардың арасынан шартты шеғараларды сызу.	1	
37	Еуразия жағалауларының құрылымы. Солтүстік мұзды мұхит және Атлант мұхиттарының теңіздері	Еуразия жағалауларының құрылымы. Солтүстік мұзды мұхит және Атлант мұхиттарының теңіздері	8.3.2.32. Еуразияның географиялық жағдайын және жағалау көрінісін: Солтүстік мұзды және Атлант мұхиттарының теңіздерін физикалық картада көрсету, атау, кескін картада белгілеу;	1	
38	Тынық және Үнді мұхиттарының теңіздері	Тынық және Үнді мұхиттарының теңіздері	8.3.2.33. Еуразияның жағалау көрінісін: Тынық және Үнді мұхиттарының теңіздерін физикалық картадан көрсету, атау, кескін картада белгілеу.	1	
39	Еуропаның жер бедері, пайдалы қазбалары	Еуропаның жер бедері, пайдалы қазбалары	8.3.2.34. Азияның табиғат жағдайын, жер бедерін, климаты мен пайдалы қазбаларын сипаттау.	1	
40	Азияның жер бедері, пайдалы қазбалары	Азияның жер бедері, пайдалы қазбалары	8.3.2.34. Еуропаның табиғат жағдайын, жер бедерін, климатын сипаттау.	1	
41	Еуразияның климаты	Еуразияның климаты	8.3.2.34. Еуропаның табиғат жағдайын, жер бедерін, климатын сипаттау.	1	

42	Еуропа өзендері мен көлдері	8.3.2.35. Өзендерді (Висла, Дунай, Эльба), көлдерді (Байкал) физикалық картадан көрсету, атау, кескін картада белгілеу.	1	
43	Азия өзендері мен көлдері	8.3.2.35. Өзендерді (Хуанхэ, Янцзы, Инд-Ганг, Сырдария, Өмудария), көлдерді (Балқаш) физикалық картадан көрсету, атау, кескін картада белгілеу.	1	
44	Еуропаның өсімдіктер мен жануарлар әлемі	8.3.2.36. Еуропаның өсімдік және жануарлар әлемін сипаттау.	1	
45	Азияның өсімдіктер мен жануарлар әлемі	8.3.2.36. Азияның өсімдік және жануарлар әлемін сипаттау.	1	
46	Еуропа мемлекеттері	8.3.3.1. Еуропа мемлекеттерін: Ұлыбритания, Франция, Германия, Испания, Италия, Сербия, Хорватия, Албания, Грекия, Польша, Чехия, Словакия, Венгрия, Румыния, Болгария, Норвегия, Швеция, Финляндия саяси картада көрсету; еуропалық мемлекеттердің астаналарын атау. 8.3.3.2. Зерделенген мемлекет арқылы шегаралас елдерді көрсету. 8.3.3.3. Зерделенген мемлекет туралы қысқаша аңгіме құрастыру.	1	

47	Азия мемлекеттері	Азия мемлекеттері. Жапония	8.3.4.1. Азия мемлекеттері: Түркия, Иран, Ирак, Ауғанстан, Моңғолия, Қытай, Үндістан, Оңтүстік және Солтүстік Корея, Вьетнам, Лаос, Жапония саяси картадан көрсету, азияттық мемлекеттердің астаналарын атау. 8.3.4.2. Зерделенген мемлекетпен шегаралас елдерді көрсету. 8.3.4.3. Зерделенген мемлекет туралы қысқаша әңгіме құрастыру.	1	
48		Шығыс Азия елдері. Қытай	8.3.4.1. Қытай мемлекеттің саяси картадан көрсету, мемлекеттің астанасын атау. 8.3.4.2. Зерделенген мемлекетпен шегаралас елдерді көрсету. 8.3.4.3. Зерделенген мемлекет туралы қысқаша әңгіме құрастыру.	1	
49		Еуразия халқы. Еуразия халықтарының мәдениеті мен тұрмысы	8.3.2.37. Еуразияны саяси картадан көрсету; халқына сипаттама беру. Еуразия халықтарын атау, олардың мәдениеті мен өмірін сипаттау.	1	
50	Қазақстан және оған таяу шетелдер	Қазақстан. Елдің географиялық жағдайы Қазақстанның жер бедері және климаты	8.3.5.1. Қазақстан Республикасын саяси картадан көрсету.	1	
51			8.3.5.1. Қазақстанның географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау.	1	

52	Қазақстанның өзендері мен көлдері	8.3.5.1. Қазақстан өзендері мен көлдерін физикалық картадан көрсету, атау, кескін картада белгілеу.		
53	Қазақстанның өсімдіктер мен жануарлар әлемі	8.3.5.1. Қазақстан Республикасының өсімдіктер мен жануарлар әлемінің саналуандығын сипаттау.	1	
54	Ресей. Елдің географиялық жағдайы, табиғи жағдайлары мен ресурстары	8.3.5.2. Ресейді саяси картадан көрсету; географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау.	1	
55	Ресейдің халқы мен ірі қалалары	8.3.5.2. Ресейді астанасын және ірі қалаларын атау; халқына сипаттама беру.	1	
56	Қайталау		1	
IV тоқсан				
57-60	Орта Азия елдері. Өзбекстан. Түрікменстан. Тәжікстан. Қырғызстан. Географиялық орналасуы, табиғи жағдайлары, ресурстар, халқы, ірі қалалары	8.3.5.3. Өзбекстанды саяси картадан көрсету; астанасын және ірі қалаларын атау; Өзбекстанның географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру. 8.3.5.4. Түрікменстанды саяси картада көрсету; астанасын және ірі қалаларын атау. Түрікменстанның географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру. 8.3.5.5. Тәжікстанды саяси картадан көрсету; астанасын және ірі қалаларын атау; Тәжікстанның географиялық жағдайын, табиғат	4	

			жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру. 8.3.5.6. Қырғыз Республикасын саяси картадан көрсету; астанасын және ірі қалаларды атау; Қырғыз Республикасының географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру.		
61-63	Кавказ Республикалары. Грузия. Өзірбайжан. Армения. Географиялық орналасуы, табиғи жағдайлары, ресурстар, халқы, ірі қалалары		8.3.5.7. Грузияны саяси картадан көрсету; астанасын және ірі қалаларын атау; Грузияның географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру. 8.3.5.8. Өзірбайжанды саяси картадан көрсету; астанасын және ірі қалаларын атау; Өзірбайжанның географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру. 8.3.5.9. Арменияны саяси картадан көрсету; астанасын және ірі қалаларын атау; Арменияның географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру.	3	
64-66	Шығыс Еуропа елдері. Молдова. Украина. Беларусь. Географиялық орналасуы, табиғи жағдайлары, ресурстар, халқы, ірі қалалары		8.3.5.10. Молдованы саяси картадан көрсету; астанасын және ірі қалаларын атау; Молдованың географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру. 8.3.5.11. Украинаны саяси картада көрсету; астанасын және ірі қалаларын атау;	3	

			<p>Украинаның географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру.</p> <p>8.3.5.12. Беларусьті саяси картада көрсету; астанасын және ірі қалаларын атау; Беларусьтің географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру.</p>		
67-69	Балтық елдері. Эстония. Латвия. Литва. Географиялық орналасуы, табиғи жағдайлары, ресурстар, халқы, ірі қалалары	<p>8.3.5.13. Эстонияны саяси картадан көрсету; астанасын және ірі қалаларын атау; Эстонияның географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру.</p> <p>8.3.5.14. Латвияны саяси картада көрсету; астанасын және ірі қалаларын атау; Латвияның географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру.</p> <p>8.3.5.15. Литваны саяси картада көрсету; астанасын және ірі қалаларын атау; Литваның географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру.</p>	3		
70-72	Қайталау		3		


«География» пәні бойынша оқыту үдерісінің жобасы
«Мұхиттар» бөлімшесі бойынша технологиялық карта

Сабақ саны		
6		
Оқу мақсаттары (күтілетін нәтижелер)		
Күрделіліктің төмен деңгейі (тану)	Күрделіліктің орташа деңгейі (түсіну)	Күрделіліктің жоғары деңгейі (қолдану)
<p>1. Мұғалімнің көмегімен глобуста және жартышар физикалық картасында материктер мен мұхиттарды табу.</p> <p>2. Мұғалімнің көмегімен глобуста және жартышар физикалық картасында Атлант мұхитын табу.</p> <p>3. Мұғалімнің көмегімен глобуста және жартышар физикалық картасында Солтүстік мұзды мұхитты табу.</p> <p>4. Мұғалімнің көмегімен глобуста және жартышар физикалық картасында Тынық мұхитын табу.</p> <p>5. Мұғалімнің көмегімен глобуста және жартышар физикалық картасында Үнді мұхитын табу.</p>	<p>1. География материктер мен мұхиттарды зерттейтіні туралы білу; глобуста және физикалық картада материктер мен мұхиттарды табу және атау.</p> <p>2. Глобуста және физикалық картада Атлант мұхитын көрсету және атау; оның шаруашылық маңызы мен кеме қатынасы туралы сұрақтарға жауап беру.</p> <p>3. Глобуста және физикалық картада Солтүстік мұзды мұхитты көрсету және атау; оның шаруашылық маңызы туралы сұрақтарға жауап беру;</p> <p>4. Глобуста және физикалық картада Тынық мұхитты көрсету және атау; оның шаруашылық маңызы туралы сұрақтарға жауап беру.</p> <p>5. Глобуста және физикалық картада Үнді мұхитын көрсету және атау; оның шаруашылық маңызы туралы сұрақтарға жауап беру.</p>	<p>1. География материктер мен мұхиттарды зерттейтіні туралы айту; глобуста және физикалық картада материктер мен мұхиттарды көрсету.</p> <p>2. Глобуста және физикалық картада Атлант мұхитын көрсету және атау; кескін картада Атлант мұхитын белгілеу және таңбалау; оның шаруашылық маңызын түсіндіру.</p> <p>3. Глобуста және физикалық картада Солтүстік мұзды мұхитты көрсету және атау; Солтүстік мұзды мұхитты кескін картада белгілеу және таңбалау; оның шаруашылық маңызы туралы айту.</p> <p>4. Глобуста және физикалық картада Тынық мұхитты көрсету және атау; Тынық мұхитты кескін картада белгілеу; оның шаруашылық маңызы туралы айту.</p> <p>5. Глобуста және физикалық картада Үнді мұхитты көрсету және атау; Үнді мұхитты кескін картада белгілеу, оның шаруашылық маңызы туралы айту.</p>

<p>Сөйлеу тілдік-коммуникативтік қызмет. Сұрақтарға жауап беру, диалогқа, әңгімеге қатысу. Ұсынылған жоспарға, сызбаға сөйкес сипаттама әңгіме құрастыру.</p> <p>Сөздер және сөз тіркестері. География, теңізшілер, карталар, жартышар, географиялық жағдайы, жер бедері, мұхит, материк, құрлық, дүниежүзілік мұхит, Атлант мұхиты, Солтүстік мұзды мұхит, Тынық мұхиты, Үнді мұхиты, арал, түбек, теңіз, шығанақ, мойнақ, канал, жағалау аймағы, мұзтау, судың қасиеттері, ағымы, ағысы, климаты, өкпе жел, циклондар, муссондар, дауыл, мұхиттың органикалық әлемі, мұхит ресурстары, кеме қатынасы, балық аулау, судың ластануы, қалдықтардың тегілуі, шаруашылық қызмет, табиғатқа тигізген зиян.</p> <p>Практикалық қызмет. Оқулықпен, атласпен, кескін карталармен жұмыс.</p> <p>Пәнаралық байланыстар. Жаратылыстану (су, су көздері, ағымдар, жауын-шашын). Математика (күннің бийіктігі, судың температурасын өлшеу). Оқу және сөйлеу тілін дамыту (жұмбақтар, мақал-мәтелдер, ырымдар). Қазақ тілі (сөздік сөздер).</p> <p>Құрал-жабдықтар. Оқулық, атлас, кескін карталар, жеке тапсырмалары бар карточкалар, дидактикалық және иллюстрациялық материалдар, презентациялар.</p>
--

«Мұхиттар» бөлімшесі бойынша үлгілік бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

Бағалау критерийлері	Тапсырмалар мазмұны
	Күрделіліктің төмен деңгейі
1. Глобуста және жартышарлар физикалық картасында материктер мен мұхиттарды көрсету.	<p><i>Дұрыс жауапты таңда:</i> Ең кішкентай және ең суық мұхит –</p> <p>а) Солтүстік мұзды; ә) Тынық; Жердегі ең үлкен мұхит –</p> <p>а) Солтүстік мұзды; ә) Тынық; б) Атлант</p>
2. Глобуста және жартышарлар физикалық картасында Солтүстік мұзды мұхитты көрсету және атау.	<p><i>Солтүстік мұзды мұхит теңіздерінің атауларының астын сыз:</i> Баренц теңізі, Охот теңізі, Лаптевтер теңізі, Жерорта теңізі, Қара теңіз, Чукот теңізі, Ақ теңіз.</p>

Күрделіліктің орташа деңгейі													
<p>1. Глобуста және жартышарлардың физикалық картасында Солтүстік мұзды мұхитты көрсету және атау, кескін картада мұхитты белгілеу, оның маңызы мен кеме қатынасы туралы сұрақтарға жауап беру.</p> <p>2. Материктер мен мұхиттардың географиясы не зерттейтінін білу, глобуста және жартышарлардың физикалық картасында материктер мен мұхиттарды көрсету.</p>	<div style="text-align: center;">  </div> <p><i>Солтүстік мұзды мұхит теңіздерінің цифрлармен белгіленген атауларын жаз.</i></p> <p>«Дүниежүзілік мұхит аралдары» кестесін толтыр.</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <thead> <tr> <th style="width: 33%;">Тынық мұхит</th> <th style="width: 33%;">Солтүстік мұзды мұхит</th> <th style="width: 33%;">Атлант мұхиты</th> <th style="width: 33%;">Үнді мұхиты</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td style="height: 20px;"></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td style="height: 20px;"></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p><i>Анықтамамалық сөздер: Мадагаскар, Сахалин, Врангель, Ирландия, Жапон, Куба, Жаңа Жер, Шри-Ланка.</i></p>	Тынық мұхит	Солтүстік мұзды мұхит	Атлант мұхиты	Үнді мұхиты								
Тынық мұхит	Солтүстік мұзды мұхит	Атлант мұхиты	Үнді мұхиты										
Күрделіліктің жоғары деңгейі													
<p>1. Материктер мен мұхиттардың географиясы не зерттейтінін айту, глобуста және жартышарлардың физикалық картасында материктер мен мұхиттарды көрсету.</p> <p>2. Глобуста және жартышарлардың физикалық картасында Тынық мұхитты көрсету және атау, кескін картада мұхитты белгілеу, оның экономикалық мәні мен кеме қатынасы туралы айту.</p>	<p><i>Мұхиттың тереңдігі белгілі (11 022 м, 8 742 м, 7 729 м, 5 527 м). Тереңдігі берілген мұхитты ата.</i></p> <p><i>Мұнда қандай табиғи құбылыстары туралы айтылған? Бофорт шкаласы бойынша 12 баллдан тұратын үлкен жойқын жел. Ол ғаламшардағы атмосфералық құбылыстарының бірі, оны жойқын күшін жер сілкінісімен салыстыруға болады. Мұндай құбылысты қай мұхитта байқауға болады?</i></p>												

Оқушының «Мұхиттар» бөлімшесі бойынша оқу жетістігінің картасы

Күтілетін нәтижелер	Орындау туралы белгі
Күрделіліктің төмен деңгейі	
1. Мұғалімнің көмегімен глобуста және жартышар физикалық картасында материктер мен мұхиттарды көрсетеді.	
2. Мұғалімнің көмегімен глобуста және жартышар физикалық картасында Атлант мұхитын көрсетеді және атайды.	
3. Мұғалімнің көмегімен глобуста және жартышар физикалық картасында Солтүстік мұзды мұхитты көрсетеді және атайды.	
4. Мұғалімнің көмегімен глобуста және жартышар физикалық картасында Тынық мұхитты көрсетеді және атайды.	
5. Мұғалімнің көмегімен глобуста және жартышар физикалық картасында Үнді мұхитты көрсетеді және атайды.	
Күрделіліктің орташа деңгейі	
1. Материктер мен мұхиттар географиясының негізін зерттейтін туралы жалпы түсініктің болуы; глобуста және жартышар физикалық картасында материктер мен мұхиттарды көрсетеді.	
2. Глобуста және жартышар физикалық картасында Атлант мұхитын көрсетеді және атайды; кескін картада Атлант мұхитын белгілейді және жазады; оның шаруашылық маңызын түсіндіреді, кеме қатынасы туралы айтады.	
3. Глобуста және жартышар физикалық картасында Солтүстік мұзды мұхитты көрсетеді және атайды; Солтүстік мұзды мұхитты кескін картада белгілейді және таңбалайды; оның шаруашылық маңызын түсіндіреді, кеме қатынасы туралы айтады.	


	<p>4. Глобуста және жартышар физикалық картасында Тынық мұхитты көрсетеді және атайды; Тынық мұхитты кескін картада белгілейді және таңбалайды, оның шаруашылық маңызын түсіндіреді, кеме қатынасы туралы айтады.</p>
	<p>5. Глобуста және жартышар физикалық картасында Үнді мұхитты көрсетеді және атайды; Үнді мұхитты кескін картада белгілейді және таңбалайды, оның шаруашылық маңызын түсіндіреді, кеме қатынасы туралы айтады.</p>
	<p>Күрделіліктің жоғары деңгейі</p>
	<p>1. География материктер мен мұхиттарды зерттейтіні туралы жалпы түсінігі болады; глобуста және жартышар физикалық картасында материктер мен мұхиттарды көрсетеді.</p>
	<p>2. Глобуста және жартышар физикалық картасында Атлант мұхитын көрсетеді және атайды; кескін картада Атлант мұхитын белгілейді және жазады; оның шаруашылық маңызын түсіндіреді, кеме қатынасы туралы айтады.</p>
	<p>3. Глобуста және жартышар физикалық картасында Солтүстік мұзды мұхитты көрсетеді және атайды; Солтүстік мұзды мұхитты кескін картада белгілейді және таңбалайды; оның шаруашылық маңызын түсіндіреді, кеме қатынасы туралы айтады.</p>
	<p>4. Глобуста және жартышар физикалық картасында Тынық мұхитты көрсетеді және атайды; Тынық мұхитты кескін картада белгілейді және таңбалайды, оның шаруашылық маңызын түсіндіреді, кеме қатынасы туралы айтады.</p>
	<p>5. Глобуста және жартышар физикалық картасында Үнді мұхитты көрсетеді және атайды; Үнді мұхитты кескін картада белгілейді және таңбалайды, оның шаруашылық маңызын түсіндіреді, кеме қатынасы туралы айтады.</p>



«Африка» бөлімшесі бойынша технологиялық карта

Сабақ саны		
Оқу мақсаттары (күтілетін нәтижелер)		
Күрделіліктің төмен деңгейі (тану)	Күрделіліктің орташа деңгейі (түсіну)	Күрделіліктің жоғары деңгейі (қолдану)
<p>1. Физикалық картадан Африканы көрсету.</p> <p>2. Мадагаскар аралын, Сомали түбегін физикалық картада көрсету.</p> <p>3. Жерорта теңізін, Қызыл теңізді физикалық картада көрсету.</p> <p>4. Физикалық картадан Атлас тауларын көрсету.</p> <p>5. Физикалық картадан Африканың өзендері мен көлдерін көрсету.</p> <p>6. Африка тропикалық ормандарының өсімдіктері мен жануарларын атау.</p> <p>7. Африкалық саванналардың өсімдіктері мен жануарларын атау.</p> <p>8. Африкалық шөлдердің өсімдіктері мен жануарларын атау.</p> <p>Сахара шөлін физикалық картада көрсету.</p>	<p>1. Физикалық картадан Африканың жағалау көрінісін көрсету.</p> <p>2. Мадагаскар аралын, Сомали түбегін физикалық картада көрсету, атау;</p> <p>3. Жерорта теңізін, Қызыл теңізді физикалық картада көрсету, атау.</p> <p>4. Африка бедерін және климатының әр түрлілігін сипаттау; картадан Атлас тауларын, Эфиоп таулы қыратын көрсету.</p> <p>5. Өзендерді (Ніл, Нигер, Конго), Африка көлдерін (Виктория, Чад), Суэц каналын физикалық картада көрсету, контурлы картада белгілеу.</p> <p>6. Африка тропикалық ормандарының өсімдіктері мен жануарларын туралы айту.</p> <p>7. Африкалық саванналардың өсімдіктері мен жануарларын туралы айту.</p> <p>8. Африкалық шөлдердің өсімдіктері мен жануарларын туралы айту; Сахара шөлін физикалық картада көрсету.</p>	<p>1. Физикалық картадан Африканың жағалау көрінісін көрсету.</p> <p>2. Мадагаскар аралын, Сомали түбегін физикалық картада көрсету, атау, контурлы картада белгілеу.</p> <p>3. Жерорта теңізін, Қызыл теңізді физикалық картада көрсету, атау, контурлы картада белгілеу.</p> <p>4. Африка бедерін және климатының әр түрлілігін сипаттау; кескін картада Атлас тауларын, Эфиоп таулы қыратын белгілеу.</p> <p>5. Өзендерді (Ніл, Нигер, Конго), Африка көлдерін (Виктория, Чад), Суэц каналын физикалық картада көрсету, атау, контурлы картада белгілеу.</p> <p>6. Африка тропикалық ормандарының өсімдік және жануарлар әлемінің ерешеліктерін сипаттау.</p> <p>7. Африкалық саванналардың өсімдік және жануарлар әлемінің ерекшеліктерін сипаттау.</p> <p>8. Африкалық шөлдердің өсімдіктері мен жануарларын атау; Сахара шөлін физикалық картада көрсету.</p>

<p>9. Әлемнің саяси картасынан Африка мемлекеттерін, олардың астаналарын (Мысыр, Эфиопия, Танзания, Оңтүстік Африка Республикасы, Судан) көрсету.</p> <p>10. Суреттен Африканың жергілікті тұрғындарын тану.</p>	<p>9. Әлемнің саяси картасынан Африка мемлекеттерін, олардың астаналарын (Мысыр, Эфиопия, Танзания, Оңтүстік Африка Республикасы, Судан) көрсету және атау.</p> <p>10. Африка халқы туралы айту.</p>	<p>9. Әлемнің саяси картасынан Африка мемлекеттерін, олардың астаналарын (Мысыр, Эфиопия, Танзания, Оңтүстік Африка Республикасы, Судан) көрсету және атау.</p> <p>10. Африка халқына сипаттама беру, Африка ұлттарының өмірі мен тұрмысын сипаттау.</p>
<p>Сөйлеу тілдік-коммуникативтік қызмет. Сұрақтарға жауап беру, диалогқа, әңгімеге қатысу. Ұсынылған жоспарға, сызбаға сөйкес сипаттама әңгіме құрастыру.</p>		
<p>Сөздер және сөз тіркестері. Африка, Оңтүстік жартышар, экватор, географиялық жағдайы, жер бедері, мұхит, материк, құрлық, Атлант мұхиты, Үнді мұхиты, арал, түбек, теңіз, шығанақ, жағалау, мойнақ, климат, саванналар, тропиктік ормандар, шөл, мұхитқа шығу, аралдық мемлекеттер, шаруашылық қызмет, халық, негроидтік нәсіл, еуроидтік нәсіл.</p>		
<p>Практикалық қызмет. Оқулықпен, атласпен, кескін карталармен жұмыс.</p>		
<p>Пәнаралық байланыстар. Жаратылыстану (жауын-шашын). Математика (күннің биіктігі, судың температурасын өлшеу). Оқу және сөйлеу тілін дамыту (жұмбақтар, мақал-мәтелдер, ырымдар). Қазақ тілі (сөздік сөздер).</p>		
<p>Құрал-жабдықтар. Оқулық, атлас, кескін карталар, жеке тапсырмалары бар карточкалар, дидактикалық және иллюстрациялық материалдар, презентациялар.</p>		

«Материктер. Африка» бөлімшесі бойынша үлгілік бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

Бағалау критерийлері	Тапсырмалар мазмұны
<p>1. Жартышарлардың физикалық картасында Африканы көрсету.</p>	<p style="text-align: center;">Күрделіліктің төмен деңгейі</p> <p>Африканы тап және атауын жаз.</p> 
<p>2. Физикалық картадан Африканың өзендері мен көлдерін көрсету.</p>	<p><i>Сөйлемдерді толықтыр.</i></p> <p>Африка мен әлемдегі ең ұзын өзен – _____</p> <p>Африкадағы ең үлкен көл – _____</p> <p>Африкадағы ең терең көл – _____</p>
<p>1. Физикалық картада кескін картада (Ніл, Нигер, Конго) өзендерін атау, Африка (Виктория, Чад) көлдерін және Суэц каналын көрсету.</p>	<p style="text-align: center;">Күрделіліктің орташа деңгейі</p> <p><i>Сөздер тізімінен артық нәрсені алып таста. Таңдауыңды түсіндір.</i></p> <p>Ніл, Конго, Чад, Лимпопо, Мадагаскар, Алмади, Сомали, Виктория, Чад, Танганьика, Ніл.</p>
<p>2. Африка саванналарының есімдіктері мен жануарлары туралы айту.</p>	<p><i>Мәтіндегі қателерді тап және оларды сызып таста.</i></p> <p>Саваннада қалың биік (3 м-ге дейін) шөп өседі. Шөптердің арасында баобабтар мен емен, үйеңкі ағаштары топтасып өседі. Саваннада акациялар мен қайыңдар көп. Жаңбырлы маусым құрғақ маусыммен ауысады. Құрғақ жел құмды шаң мен қар әкеледі. Шөптер қурап қалады. Ағаштар жапырақ тастайды.</p>

Күрделіліктің жоғары деңгейі	
<p>1. Әлемнің саяси картасында Африка мемлекеттерін (Мысыр, Эфиопия, Танзания, Оңтүстік Африка, Судан) және олардың астаналарын атау және көрсету.</p> <p>2. Жартышарлар физикалық картасында Африка жағалауларының көрінісін көрсету.</p>	<div style="display: flex; justify-content: space-around;">   </div> <p><i>Кескіні бойынша елді, оның астанасын анықтама.</i></p> <p><i>Атлас картасын пайдалана отырып, сөйлемдегі түсіп қалған сөздерді орнына қой.</i></p> <p>Африка _____ жартышарда орналасқан. Африка жағалауын мұхит- _____ және _____ тарының суы жуады. Африка аумағы бойынша _____, _____, _____ өзендері ағады. _____ – ең ірі арал, _____ – түбектер.</p>

Оқушының «Материктер. Африка» бөлімшесі бойынша оқу жетістігінің картасы

Күтілетін нәтижелер	Орындау туралы белгі
Күрделіліктің төмен деңгейі	
1. Мұғалімнің көмегімен физикалық картадан Африканы көрсетеді.	
2. Мұғалімнің көмегімен Мадагаскарды, Сомали түбегін физикалық картада көрсетеді, атайды, кескін картада белгілейді.	
3. Мұғалімнің көмегімен Жерорта теңізін, Қызыл теңізді физикалық картада көрсетеді, атайды, кескін картада белгілейді.	

4. Мұғалімнің көмегімен кескін картада Атлас тауларын, Эфиоп таулы қыратын белгілейді.	
5. Өзендерді (Ніл, Нигер, Конго), Африка көлдерін (Виктория, Чад), Суэц каналын физикалық картадан көрсетеді, атайды, кескін картада белгілейді.	
6. Африканың тропиктік ормандарының өсімдіктер мен жануарларын атайды.	
7. Африкалық саванналардың өсімдік және жануарлар әлемін атайды.	
8. Африкалық шөлдердің өсімдіктері мен жануарларды атайды; Сахара шөлін физикалық картада көрсетеді.	
9. Африка мемлекеттерін (Египет, Эфиопия, Танзания, Оңтүстік Африка Республикасы, Судан – мұғалімнің таңдауы бойынша), олардың астанасын атайды, оларды әлемнің саяси картасында көрсетеді.	
10. Африка халқына сипаттама береді, Африка ұлттарының өмірі мен тұрмысын сипаттайды.	
Күрделіліктің орташа деңгейі	
1. Физикалық картадан Африканың географиялық жағдайын және жағалау көрінісін көрсетеді.	
